

**6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Бекбулатова  
Индира Усейновнаның «Болашақ информатика мұғалімдерінің  
коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда  
қалыптастыру» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми  
және мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және техника  
дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі – білім мазмұнының сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машиқ заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп атап көрсетті.

Қазіргі заманғы білім берудің негізгі мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы біletін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, тілді, тарихты, жетік менгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, кәсіби маман дайындауға негізделген.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, Қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік деңгейге жеткізу қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Білім берудегі жаңа басымдықтар-әлемдік білім беру кеңістігіне ену құралы ретінде ағылшын тілін менгеру, болашақ мұғалімдердің кәсіби тұлғалық әлеуетін анықтау және дамыту, болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастыру мақсатында оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру болып отыр.

Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өту жағдайында ағылшын тілін оқытудың рөлі артады. Тілдерді дамыту еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу - ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түп қазығы болып табылса, ал болашақ педагогтардың коммуникативтік бағытта ағылшын тілін

үйренуі, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінгі таңда өзекті мәселелер болып табылады. Олай болса, ізденушінің «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» тақырыбында жүргізіліп отырған зерттеу жұмысының өзектілігін айқындай түседі.

## **2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі мәселені шешу тәсілдерінің теориялық негізділігімен, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігімен, зерттеу міндеттеріне сәйкес ғылыми – педагогикалық зерттеу әдістерін кешенді пайдалануымен, тәжірибелік мәліметтерді сандық және сапалық талдаумен қамсыздандырылады.

- философиялық, педагогикалық-психологиялық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде «коммуникативтік әлеует» ұғымы мағынасының нақтыланып берілуі – бірінші нәтиженің шынайылығын білдіреді.

- жоғарғы оку орындарында болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру модельнің жасалуы – екінші нәтиженің шынайылығын білдіреді.

- болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың психологиялық аспектілерінің берілуі мен педагогикалық шарттардың айқындалуы - үшінші нәтиженің шынайылығын білдіреді.

- болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың әдістемесінің жүйесінің жасалуы мен оның нанымдылығын тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілуі – төртінші нәтиженің шынайылығын білдіреді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерін рейтингті шетелдік журналдарда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жариялануы да зерттеу нәтижесінің шынайылық дәрежесін көрсетеді.

## **3. Қойылған талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер.**

Зерттеу жұмысында педагогикалық-психологиялық құралдарды пайдалану арқылы автордың жасаған болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру бағдарламасының мазмұны мен құрылымының сенімділігіне дәлел бола алады.

*Бірінші нәтиже жаңа. «Коммуникативтік әлеует» ұғымын болашақ информатика мұғалімдеріне қалыптастыру мазмұнының Мемлекеттік білім стандарты мен білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізілуі және болашақ информатика мұғалімдерінде қалыптастырылатын коммуникативтік*

білімнің, дағдының және жеке тұлғалық қасиеттерінің бірізділігінің жүзеге асырылуымен айқындалады.

*Екінші нәтижесе жаңа.* Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру моделі әдістемелік жүйе (мақсат, мазмұн, әдіс, түр, құрал) мен өлшемдер жиынтығын құрайтындығымен сипатталады.

*Үшінші нәтижесе жаңа.* Жоғарғы оқу орындарында болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың психологиялық аспектілері мен педагогикалық шарттары моделді жүзеге асыруға ықпал тигізетіндігімен анықталады.

*Төртінші нәтижесе жаңа.* Жоғарғы оқу орындарында болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру мазмұнымен оны жүзеге асыруға арналып жасалған оқу-әдістемелік кешендер (білім беру бағдарламасы, оқу-әдістемелік құралдары, электрондық дидактикалық материалдар) болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік білімін толықтыруға және кәсіби бағытта коммуникативтік қасиеттерін дамытуға ықпал ететіндігімен ерекшеленеді.

Докторант И.У.Бекбулатованың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері ғылыми аппаратпен, диссертация құрылымымен, зерттеу кезеңдерінің тізбектілігімен, ішкі бірлігімен, логикалық бірізділігімен сипатталады.

#### **4. Алған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Жүйелі орындалған диссертациялық зерттеу жұмысы докторанттың оқыту теориясы мен әдістемесін жақсы менгергендігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдейді. И.У.Бекбулатованың диссертациялық зерттеуінің ғылыми тәжірибелік нәтижелері кіріспедегі және екі бөлімдегі материал мазмұнының ішкі бірізділігімен, тұжырымдық тұтастығымен және зерттеудің негізгі қорытындыларының қысынды бірлігімен сипатталады.

#### **5. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша ізденушінің алған жаңа нәтижелері педагогика ғылымының кәсіби білім беру саласы үшін құндылығы жоғары, болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндері оқытуда қалыптастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

Ізденушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері кәсіби білім беру теориясы мен әдістемесіне және педагогикалық практиканың сұранысына жауап берумен байланысты, білім жүйесін дамытуға өзіндік қомақты үлесін қосады. Диссертацияның нәтижелерін оқу-тәрбие жүйесінде пайдалануға болады.

#### **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығын**

**растама.**

Диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелері бойынша Бекбулатова Индира Усеинқызының 20 ғылыми еңбегі жарияланған. Оның 7-еүі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 1-еүі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 5-еүі халықаралық конференциялар (оның 4-еүі шетелдік), 2-еүі Ресей Федерациясының ғылыми журналдарында, 1-еүі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың еуропалық журналда, 1-еүі – республикалық конференцияда; 1 оқу құралы, 1 электрондық оқулық, 1 оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. Докторанттың жалпы жарияланған ғылыми еңбектері диссертация жұмысының негізгі қағидалары, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларына сәйкес келеді.

### **7. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссидент зерттеу тақырыбын жетік менгергенін айғақтайды. Сонымен қатар, И.У.Бекбулатованың диссертациялық жұмысында мынандай кемшіліктер мен жетіспеушіліктер бар:

- Диссертацияның 62-бетінің Б.Качрудың «Үш концентрациялық шеңбер» теориясының сұлбасының орнына Қазақстан Республикасының Президентінің «Үштүғырлы тіл» идеясын негізге ала отырып, болашак информатика мұғалімдерінің тілді менгеру жолдары көрсетілгенде дұрыс болар еді.

- Диссертацияның 138,139 және 140-беттерінде білімгерлер саны мен пайыздық көрсеткіштерде және диаграммада техникалық қателер жіберілген.

- Диссертацияда грамматикалық және стилистикалық қателер жіберілген.

Бұл көрсетілген кемшіліктер мен ескертулер зерттеу жұмысының жалпы мазмұны мен құндылығына нұқсан келтірмейді.

### **8. Диссертацияның қойылған талаптарға сәйкестігі**

И.У.Бекбулатованың 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толығымен қанағаттандырады. И.У.Бекбулатова 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Рецензент:**

**АҚ «ҰБАО «Өрлеу» филиалы  
БЖКБАРИ-ның Менеджмент  
және ақпараттық технологиялар  
кафедрасының менгерушісі,  
педагогика ғылымдарының докторы**



**Мұхамбетжанова С.Т.**